




12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Өкілдік демократия





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Өкілдік демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Үкіметтің мақсаты қандай болуы тиіс?

Өкілдік демократия мәселесін Джонатан Вулф Джон Стюарт Миллдің «Өкілетті үкімет туралы ойлар» еңбегін талқылау барысында қыр-сырын ашуға тырысады.

«Қоғамды дамытудың жалпы деңгейіне қаншалықты қажет болса, соншалықты қатысу мүмкіндігіне ерік беру керек, сайып келгенде мемлекеттік билікке қатысуға рұқсат алудан асқан тілектер жоқ». Алайда, шағын қаладан асатын қоғамдастықта, қоғамдық істердің бірқатар мәселелеріне ғана араласпаса, барлығына қатысу мүмкін емес. Бұдан шығатыны, толыққанды Үкіметтің мінсіз түрі - өкілді (репрезентативті) болуы тиіс,- деп жазады Милл. Енді осы өкілеттілік мәселесіне үңілейік.

Кез келген басқару жүйесі - тіпті кең қатысуға немесе талқылауға негізделген ең радикалды демократия - саясатты жүзеге асыру үшін асыратын басшыларды қажет етеді. Халықтың шешімдерін жалпы халықтың өзі жүзеге асыра алмайды. Тағы бір мәселе - бұл Басшыларға қандай өкілеттіктер берілуі тиіс?

Болжамдардың бірі - оларға барынша аз билік берілуі тиіс, ал халыққа барынша көп билік берілуі тиіс. Ал Платонның жүйесі бойынша, мүлде басқа балама ұсынылады, ол жерде халықтың жалпы рөлі болмайды, ал басшылар - сақшылар толық билікке ие. Руссо бұл мәселені үшінші жолмен шешеді: адамдар заңды қабылдайды, ал басшылар оны жүзеге асырады. Бірақ одан басқа, әлдеқайда танымал модель бар. Адамдар өкілдерді сайлайды, содан кейін олар заңдарды қабылдап, оларды жүзеге асырады. Бұл Милл қорғаған өкілетті демократия идеясы.

Миллдің ДЖОН СТЮАРТ МИЛЛЬ (1806–1873 жж.) пікірінше, өкілетті демократия қазіргі таңдағы демократияның аман қалуының (сақталуының) жалғыз жолы. Неге олай екенін түсіну үшін біз Милден, бірінші кезекте, үкіметтердің тиісті қызметтері қандай болу керек деп сұрауымыз қажет. Үкіметтің мақсаттары қандай? Милл үшін олар екі деңгейден тұрады, оның бірі азаматтардың жағдайын жақсарту, екіншісі олардың қоғамдық істерін басқару.

Үкіметті, жекелеген адамдарға тигізер ықпалы бойынша, оларды моральдық және интеллектуалды жақсартуы бойынша, сондай-ақ олардың қоғамдық мүддені білдіретін мәселелерді шешудегі тиімділігі бойынша бағалаған жөн. Бұл тұрғыда, Милль мемлекеттік биліктің - заң шығару, азаматтық және қылмыстық заңнама, қаржылық және коммерциялық саясат сияқты- көптеген тармақтарының бар екендігін және олардың әрқайсысының өзінің табыс пен сәтсіздік стандарттарының бар екенін мойындайды.

Деспотизм қажетті мөлшерде бола ала ма?

Милл үшін олардың әрқайсысының басты стандарты бірдей - ол жалпы бақытты дамыту. Үкімет қоғам істерін тиімді басқаруы тиіс екені таңқаларлық мәселе емес. Алайда, Миллдің үкіметтің басқа да дұрыс функциясы туралы тұжырымдамасы қарама-қайшы. Үкіметтің өздерінің азаматтарының моральдық жағдайына қамқорлық жасауына міндеті не құқығы бар ма? Қазіргі таңдағы либерализмнің басты тақырыптарының бірі ол азаматтардың моральдық жағдайы мемлекеттің ісі емес. (ойлай мемлекеттің міндетіне жатпайды) Сондықтан, қазіргі либералды теорияның негізін қалаушылардың бірі Миллдің осындай мәлімдеме жасауы оғаш көрінеді.

Қажетті деспотизмге немесе Платонның сақшылар жүйесін қамтитын абсолютті монархияға қарағанда, Милл өзінің жүйесінің артықшылықтарын көрсету оңай деп ойлады. Ол Үкіметтің қызметін деспот та атқара алады, дегенмен ол демократия сияқты жақсы болмас еді деп келіседі. Алайда, оның деспотизмге қарсы басты аргументі ол өзі қалыптастыратын адамдардың түрлері.

Миллдің пікірінше, деспотизм енжарлық пен әрекетсіздікке алып келеді, себебі, ол мемлекеттің іс-әрекеттері туралы ағартушылыққа немесе білім алуға қажеті жоқ адамдарды қалыптастырады. Бұл тек индивидтердің өздеріне ғана ықпал етіп қоймай, сонымен қатар мемлекеттің дамуына әсер етеді. «Адамға өз мемлекетіне ешнәрсе істемеуге мүмкіндік бер, сонда ол оған қамқорлық жасамайды» (Өкілетті Үкімет, 204). Немесе, егер субъектілер өзін хабардар етіп, тәрбиелесе және мемлекет ісіне белсенді қызығушылық танытса, онда олар өздерінің бағыныштылығына көп көңіл бөлмейтін болады.

Егер демократияның артықшылықтарына одан басқа дәлел қажет болса, Милл бізден былай деп сұрайды:

Әлемнің еркін болған мемлекеттерін қазіргі таңдағы монархиялық және олигархиялық деспотизм субъектілерімен салыстырып көріңіз: мысалы, грек қалаларын парсы сатрапияларымен, Италияндық Республика, Фландрия мен Германияның еркін қалаларын Еуропаның феодалдық монархияларымен, Австрия және революцияға дейінгі Францияны, Швейцария, Голландия және Англиямен салыстырып көріңіз. Олардың әл-ауқаттылығының басымдығы тым айқын көрінді: ал олардың тиімді басқару мен



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Өкілдік демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

қоғамдық қатынастарды реттеудегі басымдылығы олардың дамуы арқылы дәлелденді және тарихтың әрбір бетінде көрінді (Өкілдік Үкімет, 210)

Миллдің басты болжамы - Адамдар тәуелсіздік жағдайында ғана өркендейді. Олар егер өздерінің өмірлерін құнды еткісі келіп, қанаушылықты болдырғысы келмесе, олар өздерін қорғай алуы және тәуелсіз болуы тиіс. Сондықтан Милл азаматтар егемендікті жүзеге асыруда өз рөлдерін атқаруы тиіс деп сенімді түрде айтады.

Егемендікті жүзеге асыру неге алып келуі мүмкін?

Алайда, егемендікті жүзеге асыру неге алып келуі мүмкін? Миллдің қорытындылауы бойынша ол тікелей демократияға алып келмейді. Ол тіпті тікелей демократия азаматтарды моралды және интеллектуалды тұрғыдан жетілдірудің ең тиімді жолы екенін мойындауға дайын тұр, алайда, басқарудың формасы ретінде үлкен апат болатынын айтады. Оған бір аргумент - Қазіргі таңдағы қоғамдардың ауқымының үлкендігі соншалықты тікелей демократияны жүзеге асыру мүмкін емес. Одан да маңыздысы, ол Платон сөздерінен алыстамай, егер адамдарға өздері тағайындаған басшыларының үстіне ықпал етуге мүмкіндік берсе, онда жағдай мүлде нашар болады деген пікір айтады.

Кем дегенде, бұл тәжірибесіздіктің тәжірибені сынауы, надақтықтың білімді сынауы; надандық (қараңғылық) ешқашан өзінің білмей тұрған нәрсенің бар екендігін сезбейді, бұл жағдай бейқам және өр көкіректікке алып келеді, өзінің пікірінен басқасының бәріне назар аударуға тұрарлық деп қарастырмайды. (Өкілдік Үкімет, 232)

Дегенмен, өкілді демократияның сыншылары, бұл тікелей демократияның реализм бағытына қарай оң (позитивті) қадам емес, жалпы демократиядан алшақтаудың бұрыс бағыты деп есептейді. Бұл Руссо көзқарасына жақын келетіні анық (оның «ағылшын халқы» өз еркіндігіне қатысты қателесетіні туралы тұжырымын еске түсіріңіз). Өкілді демократия, артында сайлау диктатурасы тығылып тұрған көзбояушылық емес пе? Олай болатын болса, онда бұл тең билік жүйесі ретінде немесе азаматтардың моралды және интеллектуалды жетілуін білдіретін және кеңейтетін жүйе ретінде ұсынуға болмайды. Милл өкілдік демократия өз мақсаттарына жете алмайтындығын мойындар еді. Бірақ ол жақсы жұмыс істейтін жүйені ұсынуға тырысады. Атап айтқанда, ол азаматтарды Азаматтылық рухында тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл үшін ең тиімді тәсіл ол қоғамдық істерге қатысу болып табылады. Дегенмен, бұл әрине барлығына арналған ұлттық үкіметтің жұмысына араласуды білдірмейді, ол үшін басқа да мүмкіндіктер бар. Мәселен, Милл алқабилер қызметі мен жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысудың маңыздылығын атап көрсетеді, себебі бұл іс-қимылдар «өмірінде қалам жүргізу мен сөрелердегі тауарларды сатудан басқа ешнәрсе істеп көрмеген адамдардан» бірқатар біліктілікті игеруді талап етеді (Өкілдік Үкімет, 217) Үкімет, 217).

«Тепе-теңдік және тежемелік» принципі

Дегенмен, Милл демократияға төнген бірқатар қауіп-қатерлерді анықтайды. Олардың бірі - бұл жүйенің лайықсыз немесе жарамсыз адамдарды сайлауда дауысқа түсуге ынталандыратын мүмкіндігі. Милл Платонның «Басқаруға ең лайықты адамдар – басқаруға құлқы аз адамдар» деген пікірімен келіседі. Немесе бұны басқаша айтатын болсақ, саясатта табысқа жету мүмкіндігін арттыратын қасиеттер - жағымпаздылық, екіжүзділік, манипуляция, біз бұл қасиеттерді өзіміздің билеушілерімізден көруді қаламайтымыз анық.

Шын мәнінде, біздің өкілді демократия Платонның қамқорлық (сакшылар) жүйесінде байқаған проблемаға тап болуы тиіс, яғни, біз қалайша өзімізді билік алуға тырысатын күмәнді көшбасшылардан қорғауымыз керек. Бұл мәселенің шешімі Джон Локк пен Шарль-Луи Монтескье (1689–1755) еңбектерінде қарастырылған «билікті бөлу» идеясы болды, олар Үкіметтің заңнамалық, атқарушылық және сот функцияларын тәуелсіз қолға беруді ұсынды. Теориялық тұрғыдан бұл биліктің кез келген тармағының қызметі қалған екеуінің тарапынан бақылауға алынады және бұл халықты оның билеушілерінің жемқорлығынан қорғайды дегенді білдірді.

Милл, «Тепе-теңдік және тежемелік» жүйесін құру үшін билік мемлекеттің түрлі құрылымдары арасында бөлінуі тиіс және ол шектен тыс мансапқа ұмтылған адамдардың билікті пайдалануына аз мүмкіндік қалдырады. деген пікірмен келіседі. Сонымен қатар, ол демократиялық үрдісті теріс пайдаланудың алдын алу шараларын ұсынады. Біріншіден, ол адамдарға өздерінің сайлау кампаниялары барысында қолданатын ақшаға шектеу қоюды ұсынды. Сайлауды ұтып алу үшін көп ақша төлеуге дайын



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Өкілдік демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

адамға қалай сенуге болады? Әрине, олар өздерінің шығындарын өтеудің жолдарын іздейді. (Әрине, олар өз инвестицияларының қайтарымын іздейді)

Екіншіден, Милль Үкімет мүшелері жалақы алмауы тиіс дегер таңқаларлық тұжырым жасайды. Әйтпесе, «төменгі таптағы қызық қуатындар үшін» палатадағы орын қалау объектісіне айналады (Өкілдік Үкімет, 311). Тәуелсіз қаржы көздері жоқ, дегенмен қабілетті және қолайлы адамдар өздерінің сайлаушыларының жеке қорларынан қолдау табуы мүмкін.

Алайда, өкілдік демократия үшін ең маңызды кедергі ол дауыс берушілердің ықтимал мінез-құлқы. Милль үшін сайлаушылардың өздерінің жалпы мүдделеріне сай дауыс беруі аса маңызды; яғни олар азаматтардың өмірін жақсарту және мемлекеттік істерді тиімді басқару үшін барлық адамдардың мүддесіне қызмет ететін неғұрлым ықтимал деп санайтын кандидаттар үшін дауыс беруі тиіс. Мұнда ол алқабилер қызметіне ұқсастық үлгісін қолданады:

[Азаматтың] дауыс беруі - оның тандауы емес; алқабиге қарағанда, оның жеке ниеттеріне қатысты емес. Бұл қатаң борыш мәселесі; ол қоғамдық игіліктер туралы өзінің ең жақсы және ең адал пікіріне сәйкес орындауға міндетті. (Өкілдік Үкімет, 299)

Бұл жерде біз қатысу формасы ретінде қазылар алқасының нақты қызмет көрсетуінің ерекше маңыздылығын көріп отырмыз. Ол сайлаушыларға демократияның шынайы мәнін ашып құнды білім береді.

Ашық дауыс берудің тиімділігі

Милль сайлаушы «өзінің жеке мүддесіне немесе таптық мүддеге байланысты не болмаса ойындағы жаман пиғылға қатысты сапасыз немесе зиян дауыс беруі» мүмкін деп алаңдайды (Өкілдік Үкімет, 302). Немесе, сайлаушылар қоғамдық игілікті дұрыс қабылдай алмайтын қараңғы (надан) болуы мүмкін деген ой алаңдатады.

Милль осы мәселелердің біріншісін шешу жолын жасырын дауыс беруге қарағанда ашық дауыс беру көреді. Адамдар қоғамдық игілікке дауыс беруге міндетті болғандықтан, олар өз дауысына жауап беруі тиіс. Сондықтан бұл көпшіліктің алдында жария болуы тиіс. (не белгілі болуы тиіс) Қоғам тарапынан сынға ұшырау (құптамау) адамдарды өз мүдделеріне сай дауыс беру құқығын жүзеге асырудың алдын алатын күш болар еді. Миллдің мойындауынша, бұл жердегі басты қауіп ол мәжбүрлеу. Жасырын сайлау бюллетеньдері ықпалды жергілікті тұрғындардың басқаларды—әсіресе өз қызметшілерін жұмыстан немесе басқа да артықшылықтардан айыру, нұсқаулықты орындамағаны сияқты себептерді қолданып, белгілі бір дауыс беруге мәжбүрлеп, қысым көрсетуін алдын алу үшін енгізілді. Жасырын дауыс беру бұл қауіпті бәсеңдетті: ешкім қандай кандидатқа кім дауыс бере алмайды. Милль аңғал сеніммен бұл мәселенің, дауыс беруді бұрмалайтын бұл «сапасыз және өз жеке мүддесіне негізделген дауыс беру мүмкіндігінің қауіпіне қарағанда әлдеқайда аз деп ойлады. Миллдің бұл ұстанымы, әрине, өте күмәнді.

Миллдің тағы бір тәсілі - ол таптық және жеке мүдделердің бұрмалау ықпалының алдын алу - ол сонымен қатар ақымақтық пен қараңғылықтың да ықпалын бейтараптандырады деп үміттенеді. Ол кейбір адамдарды кем дегенде уақытша дауыс беру құқығынан айыру қажет. Бұл «оқу, жазу және, қосу, қарапайым арифметикалық операцияларды орындай алмайтындарға да қатысты. Ол сонымен бірге былай деп жалғастырады:

Менің ойымша, алғашқы қағидаттарға сәйкес, кіріс көмегін алу дауыс беру құқығынан сөзсіз айыру болуы тиіс. Өз еңбегімен өзін қамтамасыз ете алмайтын адамның өзіне басқалардың ақшаларымен көмектесу артықшылығына ие болу құқығы жоқ. Өзінің өмір сүруі қауымдастықтың басқа мүшелеріне тәуелді бола тұрып, ол басқа қатынастарда тең құқықтарға деген талаптарынан бас тартады. (Өкілдік Үкімет, 282)

Әрине, Джонатан Волф бүгінгі күнмен салыстыруға болмайтынын атап айтады.

Бүгінгі күні әлеуметтік жәрдемақы алатындарды дауыс беруден алып тастау дау-жанжалды ұсыныс болар еді, бірақ Милль үшін бұл «маңызды принцип».

Білікті емес сайлаушылардың дауыс беруде үстемдігін болдырмау үшін бағытталған Милльдің тағы бір ұсынысы, оның шарттарына жауап беретін әрбір адам дауыс құқығына ие болса да, «әркімнің даусы тең болуы тиіс деген мүлдем басқа ұсыныс» (Өкілдік үкімет, 283). Миллдің пікірінше, өз пайымдауларын жүзеге асыруға жақсы дайындалған адамдарға бірден артық дауыс беру мүмкіндігі берілуі тиіс. Ол әсіресе ақылды немесе білімді адамға екі немесе одан да көп дауыс беру керек деп санайды (ол бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқталмайды).



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Өкілдік демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Миллді ең қынжылтатын мәселе ол білімсіз қара бұқара басым көпшілікті құрай отырып, надандық (қараңғылық) пен таптық мүдделердің қосындысы бола тұрып, қорқынышты қателерді жасайды. Олар жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін ауқатты адамдарға салықтың көлемін көбейтіп, отандық өнеркәсіпті бәсекелестен қорғап, жұмыссыздыққа қатысты белгісіздікті төмендетеді және популистік шаралар арқылы жұмыс істейтін үкіметті сайлайды. Миллдің қарсылығы ұзақ мерзімді перспективада мұндай саясат – өнеркәсіп пен экономикалық белсенділіктің әлсіреуі және жинақ пен инвестицияларды абыржытып (есінен тандырып), соның ішінде жұмысшылардың жағдайын нашарлатады. Милл жұмысшылар, өздерінің мүдделерінің қандай екендігі жөнінде қателеседі (қате пікір ұстанады), және де олар көпшілікті құрағандықтан, бұл жағдай елді апатқа ұшыратар еді деп айтады.

Сөйтіп, Джонатан Вулф Миллдің өкілдік демократияның ақымақтық пен таптық мүдделерден жоғары тұруына берілетін кепілдіктерді қамтамасыз еткісі келгенін көрсетеді. Осылайша біз Милл демократияны қорғауды инструменталды тұрғыдан қарастырғанын көреміз, сонымен қатар жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін болатын жағдайлардың алдын алу үшін қандай қадамдардың қажет екенін анықтағанын көрдік.

Көпшіліктің дауыс беруі мен сайлау құқықтарынан ішінара айыру Милл қалаған мақсатқа жету мүмкін бе? Мүмкін шығар, бірақ оның осы ойында да белгілі бір шиеленіс бар. Өнеркәсіпті қорғау үшін, біз бай немесе (Миллдің ойынша) білімділерге дауыс беруге бейім тұрамыз. Милл білімділерге артықшылық береді. Білімсіздердің әрқайсысы білімдінің мәселені өзіне қарағанда әлдеқайда жақсы түсінетінін, өзінің үміттері және өмірдің басқа да салаларында мәселелер бойынша білімдінің пікірі оның өз пікіріне қарағанда артық саналуы тиіс дегенге көніп келісуі керек» (Өкілдік Үкімет, 284).

Алайда, бұл аргументті басқалармен салыстырайық:

Егер, сайлаушы, өзінің мүмкіндіктерінің осылай бағалауымен келіссе, және өзі үшін сенімді бір адамның дауыс беруін шынымен де қаласа, онда ол үшін арнайы Конституциялық ереженің қажеті жоқ; ол жай ғана қандай кандидатқа дауыс беру ең жақсы шешім болатыны жөнінде құпия хат сұраса болды деген ескерту айта аламын – дейді Милл. (Өкілдік Үкімет, 294)

Бұл ескерту бірінші ескертуден 10 беттен кейін, сайлаудың екі сатысы болуы тиіс деген ұсыныстың аясында айтылып отыр. Біз бірінші сайлаушылар тобына дауыс береміз, содан кейін олар парламент мүшелеріне дауыс береді.

Милл бұл ұсынысқа аз уақыт бөледі. Оның ойынша, бұның бір ғана негіздемесі болуы мүмкін. Бәлкім біз өзіміздің басшыларымызды сайлау сияқты маңызды мәселелерді өзіміз данышпан, не ақылды деп танитын адамдарға сеніп тапсыруымыз керек шығар. Милл ойынша, егер біз бұл адамдарды дана деп санайтын болсақ, онда бізге бар керегі олардан кімге дауыс беру керек деп сұрап, солардың нұсқауларын орындауымыз керек. Миллдің сыншылары оның көпшіліктің жауыс беруі туралы ұсынысына дәл осындай жауап берді. Егер білімсіз адамдар білімділерді құрметтейтін болса, онда соңғыларға артық дауыстарды берудің қажеті жоқ, өйткені білімсіз адамдар олардың пікірлеріне жүгінеді. Алайда, егер, олар осындай пікірді құрметтемесе, онда олар көпшілік дауыс беруді де мойындамайды. Көпше дауыс берудің қажеті де, уәжі де жоққа шығады.

Азшылықты қорғау

Бұл талқыланған жағдайда, Миллдің айтуынша, надан көпшілік өздерінің таптық мүдделерін жүзеге асырып отырмыз деп қателесуінің нәтижесінде өздеріне зиян келтіреді. Осы мәселе Миллді аландатқан демократия туралы басты мәселені көтереді: ол азшылықтың орны.

Миллдің ерекше аландаушылығын туындатқан мәселе ол - «көпшілік тираниясының» алдын алу. Біздің көпшілігіміз, әрине, кей кездері жеңілгендердің жағында екенімізді мойындаймыз (келісіміз). Алайда, кейде көпшілік азшылықтың дауыс беру мүмкіндігін үнемі төмендетіп немесе елемей, қайта қайта жауыс беру кезеңінде жеңіске жетіп отырады. Осылайша, Милль «Өкілдік Үкіметте» Парламенттегі азшылық өкілдігін қамтамасыз ету үшін үлкен күш салады. Егер сіздің үміткеріңіз бір сайлау округінде сәтсіздікке ұшыраса, онда сіз дауысыңызды басқа сайлау округінде кандидатқа беру мүмкіндігін ұсынатын пропорционалды өкілдіктің күрделі және жетілдірілген жүйесін мақұлдағанын мәлімдейді. Дәл осындай немесе осыған ұқсас жолдардың көмегімен біз азшылықтардың Парламенттегі өкілдігін қамтамасыз етуге қабілетті болуға тиіспіз.

Дегенмен, өкілділік бір мәселе болғанымен, мүдделердің қорғалуы мүлде басқа мәселе. Бұл азшылық Парламентте де азшылықты құрауы мүмкін. Азшылықтың өкілділігіне жол берілгенімен, көпшілік



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Өкілдік демократия

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

басқаруда жүйесінде таптық, нәсілдік, діни және тағы басқа факторлар негізінде қысым көрсету болуы мүмкін.

Дауыс беру жүйесіндегі қысымның алдын алудың ең жақсы шешімі – адамгершілігі жоғары адамдарға көбірек дауыс беру. Алайда, бұл бізді тағы Платонға жақындата түседі.

Шын мәнінде, Милльдің шешімі, Үкімет қызметінің заңды саласын шектеу болып табылады. Кейбір нәрселер тек мемлекеттің ғана немесе көпшіліктің ғана ісі емес. Үкімет адамдардың нақты өмір сүру салаларына заңды түрде араласа алмайды және әрбір адамның, үкімет араласа алмайтын құқықтары мен еркіндіктері бар.

Дегенмен, Милльдің демократиялық үлгісі бойынша қорытынды шешім қабылдау үшін Руссоның басынан кешкен шиеленістің бір түрі бар екенін көре аламыз. Руссоның пікірінше, демократия азаматтардың еркіндігін қатаң шектейтін болса, жалпы ерік-жігерге сәйкес шешімдер қабылдау үшін ғана негізделуі мүмкін еді. Басқаша айтқанда, егер демократияны инструменталды тұрғыдан негіздейтін болса, онда ол өзі ұмтылып отырған теңдік және еркіндік сияқты құндылыққа қол жеткізе алмайды. Милль үшін құрбандыққа еркіндікті емес, теңдікті шалу керек. Кейбір азаматтар білім деңгейі немесе экономикалық себептер бойынша сайлау құқығынан алынып тасталады, ал басқаларға біреуден артық дауыс беріледі. Милльдің жүйесі оның өзі мойындауға дайын емес Платонның үлгісіне жақын келеді. Бәлкім, Милльге білімсіз кедейлердің қабілеті мен қайырымдылығына көбірек сенім арту керек шығар. Немесе кез келген демократиялық жүйенің бұзылуы мүмкін.

Осылайша, Джонатан Вулф талқылаулардың бір қорынытдысы - ол еркіндік пен теңдік сияқты құндылықтарды нақты жүйеге айналдыратын демократияның құралдарының табу екіталай екенін айқын көрсетті. Дегенмен, біз еркіндік пен теңдікті шектесек те, демократиялар басқа жүйелерге қарағанда шешімдерді әлдеқайда жақсырақ қабылдайды деп ойлауға да ешқандай негіз жоқ.

Шынында да, кең ауқымды нарықтық зерттеулер мен данышпан басшыларды үйлестіретін жүйелерді елестете аламыз. Дегенмен, осы негізде демократиядан бас тартуға дайын адамдар аз. Неге олай? Жауап мынада, демократия, біз үшін, шешім қабылдау процедурасы ретінде ғана бағаланбайды, оның басқа да мүмкіндіктерінің болғанында.